

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары		1.2.1.2 оқу түрлерін (буындап оқу, тұтас оқу, мәнерлеп оқу, түсініп оқу) қолдану; 1.4.1.1.айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп жазу және сету, есте сақтау арқылы жазу; 1.2.8.2.дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; дауысты дыбыстарды жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну.		
Сабақтың мақсаты		❖ Өлеңді мәнерлеп оқиды. ❖ Айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп жазады. ❖ Дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке болып бөлінетінін түсінеді.		
Құндылықты дарыту		«Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін. Құндылық: заң және тәртіп Талап-ізденімпаз, жасампаз тұлға тәрбиелеу.		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушыныңәрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 10 минут	Психологиялық жағымды ахуал қалыптастыру. (Ұ) Ұйымдастыру кезеңі Күлімдеп күн бүгін Қарады маған да. Күлімдеп күн бүгін Қарады саған да. Сәлем деймін достарға, Сәлем деймін ұстазға. Жуан және жіңішке дауысты дыбыстар 3 жаттығу 18 бет Берілген әріптерден біріңеше сөз жаса Дыбыс және әріп туралы; Дыбыстардың дауысты және дауыссыз болатынын; Дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке болатынын білетін боласың; Дыбыс түрлерін ажыратуды үйренесің «Біртұтас тәрбие» тәрбие бағдарламасындағы құндылықтарды оқу процесіне ұйымдастыру кезіңінен бастап, сабақтың әрбір кезеңінде жүргіземін Құндылық: заң және тәртіп Талап-ізденімпаз,жасампаз тұлға тәрбиелеу	Бір шумақ өлеңді хормен айтып, қимылдар арқылы денелерін жаттықтырады, зейіндерін сабаққа аударады.	ҚБ бағалау Белсенділік танытқан оқушыларды «Мадақтау сөз» Жарайсың! Жақсы! Талпын	Слайд
Сабақтың ортасы 10 минут	Оқу мақсатын таныстырамын. ЖҰМБАҚ шешу Көзге көрінбейді Құлақпен естіледі Жауабы:ДЫБЫС Оқушылар ұяшықтар арқылы сұрақтарға жауап береді. 1.Дыбыс дегеніміз не? 2.Әріп дегеніміз не? 3.Дыбыстар нешеге бөлінеді? 4.Дауыссыз дыбыстардың түрлерін ата.? 5.Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді? 6.Жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды ата? ФС 1-тапсырма Топтық жұмыс «Мен білемін!» әдісі Сөздерді оқыта отырып, дауысты және дауыссыз дыбысы бар сөздерді ажырату. ОДД:білу,түсіну,қолдану «Түсініп оқы» әдісі Өлеңнің авторы жайлы қысқаша мағлұмат беріледі. Сырбай Мәуленов – ақын, көптеген кітаптар жазған. 1922 жылы Қостанай облысы Жан-келдин ауданы Торғай ауылында дүниеге келген. Ұлы Отан соғысына қатысқан. Өлеңді мәнерлеп оқы. Жаттап ал	Оқушылар тізбектей, дауыстап оқиды Өлеңнің соңындағы сұрақтарға жауап береді. Себебі, әженің құшағы үнемі жылы болады. Әже немересі жақсы көреді Жіңішке дауысты дыбыс: ә, е, ү, і	Дескриптор: Өлеңді мәнерлеп оқиды; Сұрақтарға жауап береді.	

	Әже Мейірімі жібектей, Күндей ытық құшағы, Ет жүрегі елжіреп, Құлынып деп құшады. Жан жуытпай маңына Ас сақтайды кәрі әжем. «Бес» ап келсем, алдында Биіктейді дәрежем. Сырбай Мәуленов Өженің құшағын неліктен Күнге теңеген? Өлеңдегі сөздерден жіңішке дауысты дыбыстарды тап Жіңішке дауысты дыбыстар: <i>ә, е, ө, ү, і</i> ЕББҚ ететін (ойлау деңгейі жоғары) балаға тапсырма Өлеңді оқиды			
10мин	ҚБ 2-тапсырма Жұптықжұмыс ОДД:білу,түсіну,қолдану «Көркем жазу» әдісі Нүктелердің орнына тиісті әріптерді қойып, көшіріп жаз Көркем жазу И И И И И И и и и и и и  к...к б....т к.....к Сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстыр ЕББҚ ететін(ойлау деңгейі төмен) балаға тапсырма Көшіріп жазады	Күрек, бүркіт, көбелек Бүркіт деп жазылады бірақ бүркүт деп айтылады. Күрек деп жазылады күрек деп айтылады. Көбелек деп жазылады көбелек Көркем жазу И И И И И И и и и и и и	Жетістік критерийі: Айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп жазады. Дескриптор: Күрек, бүркіт, көбелек Бүркіт деп жазылады бірақ бүркүт деп айтылады. Күрек деп жазылады күрек деп айтылады. Көбелек деп жазылады	
2 мин	Сергіту жаттығуы	Балалар бірге орындайды	Жарайсыңдар	
10 мин	Топтық жұмыс ОДД:білу,түсіну,қолдану 1 топ.Берілген суреттің бірінші әрпін тапқызу. 2 топ.Жуан және жіңішке дауысты дыбысы бар сөздерді бөліп оқыту. 3 топ.Берілген буындардан сөз құрап оқу.			
	Үй жұмысы 3-жаттығу Жаңылтпаш ➤- <i>Есте сақтау қабілетін жақсартуға;</i> ➤- <i>Қиын сөздерді оңай айтуға;</i> ➤- <i>Күрделі сөздерді анық айтуға;</i> ➤- <i>Нақты, ұғынықты, жылдам сөйлеуге пайдасы бар</i> Жаңылтпашты тыңда Әсел ән салды, Әжесі тамсанды, Әсет аң салды, Атасы тамсанды.	Тапсырманы орындайды Жаңылтпаштың мағынасын түсінеді Әсел, әжесі, ән, Әсет – жіңішке дауысты дыбыстар: ә, і, е	Дескриптор: Тапсырманы орындайды Жаңылтпаштың мағынасын түсінеді Әсел, әжесі, ән, Әсет – жіңішке дауысты дыбыстар: ә, і, е	
Сабақтың соңы 3 мин	Рефлексия:	Кімдікі көп болса, сол бүгінгі сабақтың жұлдызы болып есептеледі.	Сабаққа белсене қатысқан оқушыларға жұлдыздар беріледі.	

	Елді түсініп көлемін 	Барымен түсініп 	Түсінібейін 			
--	---	--	--	--	--	--